

**Тілдік бірліктердің
стилистикалық мақсаты:
көнерген сөздер мен
неологизмдер.**

Қасқырбай Ғазиза

- Көнерген сөздер ара-тұра сөйлеу тілінен де кездесіп отырады, әсіресе өткен дәуірдегі оқиғаны суреттейтін, тарихи шығармада жиі ұшырасады. Мыс: *исі, игі, би, болыс, елу басы, старшын, тоқал* және осы сияқтылар әдеби шығарма стиліндегі белгілі бір көркемдік мақсат үшін жұмсалады.
- Көркем әдебиет стилінде қолданылатын көне сөздердің мағынасы қазіргі оқушыға әсересе жастарға , көбінесе түсініксіз келеді .Көнерген сөздер **архаизмдер** және **историзм** болып екіге бөлінеді.

Историзм (тарихи сөз) — атап білдіретін заттары мен құбылыстары өмірде жоқ, көнеріп қолданудан шығып қалған сөздер мен тұрақты сөз тіркестері. Мысалы:
адырна, кіреуке, алдаспан, қыдыра жалды қыл құйрық, сұр жебе

Архаизм-ескі әдебиеттерде кездесетін, қазіргі кезде жиі қолданылмайтын сөздер, сөз тіркестері жатады.

- **Лексика-сөзтудырушы архаизм** - бұрынғы мағынасын сақтаған, бірақ сөз жасау құрамы өзгерген сөз. Стилистикада архаизмдер төмендегі жағдайда қолданылады:
 - а) Сол дәуір тарихын әсірелеу үшін (әдетте тарихи романдарда);
 - ә) Сөйлеу кезінде сөзге салтанатталық, қобалжытарлықтай әсер беру үшін, өленде, шешендік айтыстарда, (публицистикалық жанрларда қолданалады);
 - б) иронияда, сықақта, әжуалағанда күлкі шақыру (фельетон, памфлеттерде),
 - в) кейіпкерге сөздік сипаттама беру үшін (мысалы, діндарлық дәрежесі бар кісілер).
- **Лексика-фонетикалық архаизм** - бұрынғы мағынасын сақтаған, бірақ дыбыстық құрамы өзгерген сөз (орыс. *глад* - голод, *зерцало* - зеркало, *гистория* - история, *пиит* - поэт).
- **Лексикалық архаизмдер** - қазіргі таңдағы тілде синонимі бар көнерген сөз (қаз. *уәзір* - хатшы).
- **Семантикалық архаизмдер** - қазіргі тілде сақталған, бірақ көнерген мағынасында қолданылатын сөз.

Көнерген сөздер

- Лексикалық бірлікті ескіру дәрежесі бойынша үш санатқа бөлуге болады:
- 1. Халықтың көпшілігі қалаған сөздер:
засим-затем, застава- қалаға кіре берістегі күзет орны, заутреня- Таңертеңгі проваслав шіркеуіндегі қызмет.

- 2.Таныс,бірақ мағынасы түсініксіз сөздер:
*қалқан(забрало)-дулығының бетті
қорғайтын қалқаны,заговенье-ораза
алдындағы қарапайым тамақ.Шекпен
(зипун)-ер адамның үстіне киетін ескі киім.*
- 3.Көпшілігі ұмыт қалған сөздер:*зане-содан
бері(так как),запятки-күйменің артында
күтушілер тұратын орын,застолица-
қызметкерлер қабылдап алатын бөлме,
зело-очень(аса-өте),иже-каторый.*

Неологизмдер

- *Нео* - грек тіліндегі *neos* – жаңа деген сөзден шыққан күрделі сөздің бөлігі.
- Неология – неологизмдер туралы ғылым, лексикологияның бір саласы.
- Неологияның негізгі проблемасына мыналар енеді:
 - - жаңа сөздерді және олардың мағыналарын тану жолдарын анықтау;
 - - қоғамның прагматикалық қажеттілігіне сай олардың пайда болуына әсер еткен факторларға талдау жасау;
 - - жаңа сөздердің қолданылу шегі мен құрылу модельдерін зерттеу;
 - - олардың әлеуметтік-кәсіби, жас ерекшелігіне сай не т.б. топтарда қабылдануы не қабылданбауына қатысты ұстанымдарды саралау.

- 1. Тілдік бірлік түрі бойынша неологизм түрлері:
- Тілдік бірлік түріне байланысты неологизмдер неолексемалар, неофраземалар, неосемемалар (сөздер мен фразеологизмдер) болып бөлінеді.
- **Неолексемалар** деп өзге тілден енген жаңа сөздерді не жаңа құрылымдарды атайды. Мысалы: *имидж, киллер, рейв, рэп, чизбургер, туалет, биотуалет, бомж* т.б.
Неофраземалар деп идиомалық семантикаға ие жаңа тұрақты сөз тіркестері мен фразеологизмдерді атайды. Мысалы, қайта құру кезінде қалыптасқан тұрақты жаңа сөз тіркестері мыналар: **Ақ үй, сенім несиесі, құқықтық мемлекет, табыс туралы декларация, жарнамалық үзіліс** т.с.с.
- **Неосемемалар** дегеніміз — көнерген сөздер мен фразеологизмдердің жаңа мағыналары. Мысалы, *экология* сөзінің «тазалық, дұрыстық, үндестік, тазалыққа қамқорлық» деген жаңа ауыспалы мағынасы пайда болды. Мысалы, *рух экологиясы, тіл экологиясы, мәдениет экологиясы* т.с.с

- Неологизмдер стиль түрлерінің жалпы қай-қайсысында, тіпті сөйлеу стилінде де азды-көпті қолданылады. Олар көбінесе ғылыми стиль мен публицистикалық стильде жиі ұшырасады. Өйткені неологизмдер көбіне-көп сонда , (сол стильдерде) қалыптасады. Мысалы: *оқырман, балмұздақ, аялдама, жасанды жер серігі, кіші механизация, Қазақстан сағаты, биікшілер, озаттар тұғыры, ұстаз*

- ресми-кеңсе және көркем әдебиет стилі
- Ғылым мен техника саласы
- Неологизмнің сондай-ақ тағы бір түрі бар. Ол— **контекстік неологизмдер**. Бұлар публицистикалық, өте көркем әдебиет стиліне тән.

● — *Абай аға міне*

осындай жылаулар жайымен келдім. Жылаулар халықтың қасынан табылсам дейтін бопты. Тағы да Мағашқа алғаш өткен күндердей ағылып, төгіліп келіп жатқан жылаулар көп (М. Әуезов). Ал мұндай неологизмдер үнемі жалпы халықтық сипат ала бермейді. Жеке жазушының шығармасында ғана кездеседі. Көркем әдебиет стиліндегі неологизм әдетте әлдебір тосыннан жасалған, мүлдем жаңа сөз емес.